

Сағадиевтің маңдаиына тағдыры ағарту саласында реформатор болуды әу бастан жазып қойғандай. Жоғары білім беру жүйесіндегі ұйымдастыру ісін ілкімділікпен ілгерілете жүріп, езінің жеке экономистер мектебін қалыптастырды. Биліктің биігіне де сәтті көтеріліп саналы ғұмырынын сара жолын айқындады. Айтқанымыздың айғағы ретінде түйіндері түйіліп шиеленген терт институтта ректор болып, түбегейлі өзгерістер жасап, ез беделін мойындатқанын айтуға болады. Ол бүгінгі таңда атқарған қызмет тізімі жағынан жоғары оқу жүйесін ұйымдастыру саласында аты елге мәшһүр болғандардың ішінде ен танымалы. Сонымен қатар, жұртшылық Сағадиевтің бойынан ақылы айқын, ойы батыл, шешімі қатал, қиратып жіберіп қайта құрастыратын «бүлікшіл» бейнені елестетеді.

1982—1990 жылдары, ол кезде Одаққа бағынатын Целиноград ауыл шаруашылық институтының ректоры болып жүргенде білім берудің модульдік жүйесін енгізіп, бұқіл оқу процесін өзгертіп жіберу, жоғары білім беруді ғылым мен ендіріске байланыстырып, олардың өзара кірігіп кетуін ұйымдасты-

ортаның талғамын түшындырған-тын.

Өнегелік пен құлықтылық деген ұғымдарының аясына кіретін қасиеттерді көргісі келетін маңайындағыларға ол кәдімгідей қатал, көп жағдайда тіпті тұйық, бірен-саранды болмаса езімсуге жіберіп маңайлата қоймайтын жан болып көрінеді.

Сағадиев қарама-қайшы қылықты, шытыр мінезді, кейде оғаш қаракетті тынымсыз жан, шегіне жеткен қысыл-таяң сөттерде «өзгенін МЕНІ — МЕН еместің» ашық шабуылын қолданып, келіскендерді де, қескілескендерді де, қол соғып қолпаштағандарды да, ішінен тынып тіс жармағандарды да ез орбита-сына еліктіріп әкететін диірменінің тасына салып жіберетін ерекше қабілеті бар адам.

Аумалы-төкпелі әлеуметтік ахуалмен байланыстыра келе біз, достары, оның мінезінің онша жаға бермейтін кейбір тұстарын жалпы адами қасиеттерінің құндылығын толықтырып тұратын пенделік керіністер деп санауға пейілдіміз. Өзіне кезінде жәрдем беріп, жақсы керген пенделердің көшірмесі секілді ол да ет пен сүйектен жаралған пенде екенін түсінеміз.

болған істе кеңіл жұбатарлық бір ғана жөйт бар еді. Ол Ұлттық Ғылым Академиясы, жақсылы-жаманды екінші болып тұрса да, әйтеуір ғылым министрлігімен қатар аталатын. Кеінірек, Ұлттық Ғылым Академиясының төрде тұрған дүрдей аты қоғам өмірінің босағасына қарай ығысып, кезге түсе бермейтін толып жатқан ғылыми қауымдастықтардың біріне айналып кете барды.

Әрдайым қоғам терінде болып келген ғылымның іргеге тығылып тұншыққанын ғылыми интеллигенция түсіне алмай дал болды. Бұл дағдарыстың өте ауыр болғанын мойындауымыз керек.

Бұрынғы Сәтбаев Академиясының арын ақтап «бері орнында, бұлінп қалған ештеңе жоқ» деп езімізді өзіміз жұбатып оны дәлелдеп бақтық. Шын мәнісінде біз қиялымыздағы академияны қорғадық.

Академик Сағадиев талқаны шыққан жүйенің тізгінін ұстауға келгеннен кейін сол жүйенің келілдікте қалған «түтқынына» айналып, аттың басы әл бермей

РЕФОРМАТОР

НЕМЕСЕ

ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ЖОЛЫНДАҒЫ АЗАМАТ ТУРАЛЫ АЗЫН-АУЛАҚ ПІКІР



ру, оқыту әдістерін ең озық деген шетелдік стандарттарға жақындату, одақ бойынша алтаудың бірі болған биотехнологиялық орталық ашу тек Сағадиевтің қолынан келген-тін. Ол, сол 8 жыл ішінде бұқіл әлеуметтік ортаны өзгертіп, институттың бұрынғы 25 жыл бойы жасағанына татитын бағдарламаны жүзеге асырып, материалдық-техникалық базасын екі есе нығайтты.

Екінші, 1993 жылы Қазақ экономика университетіне қызметке келе салысымен оның атын Қазақ Басқару Академиясы деп өзгертуден бастады. Қызметкерлеріне екі еселенген еңбекақы бергізіп, оқу процесін басқарудағы өт үйренген ескіден бас тартып, бұрынғы факультеттерді жауып, оқу-ғылыми мекемелерін құрды, жаңа кафедралар ашты, мамандықтардың номенклатурасын өзгертті, жаңа оқу жоспарларын жасатты, жаңа институттар құрды. Әр бір кәсіптің өзіне-өзі қарамай, бұқіл қоғамды

Жеке басым 1981 жылы КСРО-ның, кеіні Ресей Федерациясының беделі мол медицина ғылымы академиясының мүшесі болып жүріп ҚР ҰҒА-ның академигі болып сайлану мүмкіншілігін академик Сағадиев басқарған кезде алдым, сондықтан да мен оған ризашылық сезіммен қараймын.

ҰҒА-ның тарихындағы шырқау шыңына шығып тұрған келеңсіз кезең президент болып келген Сағадиевке ауыр тиді. Бұл кезең, шынында да қиын болып еді. Жүздеген мөдени ошақтар, кітапханалар, мектептер жойылып, қоғамдағы бұқіл әлеуметтік орта дағдарысқа ұшыраған кез еді. Мындаған медициналық мекемелер жабылып, ауыл тұрғындарының жартысына жуығы дәрігерлік жәрдемсіз қалған. Шығармашылық одақтар тығырыққа тірелген.

Мемлекеттің онсыз да тақыл-тұқыл қаржысына ауыртпалық болатындықтан қаржының жетіспеуі Мемлекеттің

жүген ұстап қалды. Бұрынғы академияны тіреп тұрған іштегі жігер желге ұшты, академияның мәртебесін асқақтатып мейірімін төккен заман шіркін де өзгерді, қиялы құмға сіңіп академиктер де қалжырады, өйгілі ғылым ошағының жалыны ешіп, оты бықсып жатты.

Ғылым Академиясының тағдыры туралы толғанғанда — жүз жылдық мерейтойын бұқіл планета болып тойлаған ұлы Қаныш Сәтбаев еріксіз еске түседі. Бұқіл қоғам ғылым ордасы деп қабылдайтын зәулім академия ғимаратының әр баспалдағында Сәтбаев рухының табындыратын табы барын ұмыту күнә. Санасы санлаулы, көз: ашық көзіндегі көкірегіне ғарыштағы Сәтбаев жұлдызының сәулесі түспесе обал.

Профессор С.Ж. Дәукеевті Елбасы тағайындағаннан бері Сәтбаевтан қалған сарабал академия еңсесін именшектел көтере бастаған сияқты. Тосын-нан қарағанда бұқіл қоғамның өзіне-өзі қарамай, бұқіл қоғамды

Екінші, 1993 жылы Қазақ экономика университетіне қызметке келе салысымен оның атын Қазақ Басқару Академиясы деп өзгертуден бастады. Қызметкерлеріне екі еселенген еңбекақы бергізіп, оқу процесін басқарудағы ет үйренген ескіден бас тартып, бұрынғы факультеттерді жауып, оқу-ғылыми комплекстерін құрды, жаңа кафедралар ашты, мамандықтардың номенклатурасын өзгертті, жаңа оқу жоспарларын жасатты, жаңа институттар құрды. Әр бір келесі орынға келгенде Сағадиев бұрынғы жерде ойдағыдай орындалмай қалған жоспарын жүзеге асыруға күш салады. Мысалы, кикілжіңі қордаланған университет сияқты ұжымға ректор болып келгенде де солай болған. Реалист нем прагматик болғандықтан ол езінің ойға алғандары мен орындағандарының арасы кеш жер екенін жақсы біледі, сондықтан да тақымын талдырып құр босқа сағым қумайды.

Проблеманың тереңіне үңілетіндігін 1996—2001 жылдар аралығында аграрлық университетті басқарғанынан білеміз. Екі бірдей жоғары оқу орындарын — Алматы ауылшаруашылық институты мен зооветеринария институтын біріктіріп, қысқа мерзім ішінде бүкіл оқу процесіне басқаша ең бергенін, бұрынғы факультеттер негізінде оқыту ғылыми-өндірістік комплекстер құрғанын, мамандарға терең білім беріп, әлемдік интернационалдық кеңістікке шығу үшін компьютерлік және шеттілдік білім деңгейін көтеруді ұйымдастырғанын білеміз. Осы жылдары биотехнология, агроэкология, кедендік іс сияқты жаңа бағыттағы мамандар дайындау қолға алынды, университеттің материалдық базасын тәртіпке келтіріп, күрделі объектілерін қайта жаңғыртты, оқытудың рейтинг-тест жүйесін енгізді, тағысын тағылар.

Енді міне, естігенді елең еткізетін Халықаралық бизнес университеті деп аталатын жеке оқу орнына келіп бас айналдырар жетістікке жетуі, қайтадан жұртшылық назарының бел ортасынан керінуі — жоғарыда айтқандарымыздың дәлелі іспеттес.

Менің академик Сағадиевпен жақын қарым-қатынаста болған кезім — ол кісі Ұлттық Ғылым Академиясының президенті болып жүрген жылдар еді. Оның ұйымдастырушылық қабілеті жөнінде, жалпы адами-азаматтық сипаты жөнінде өз пікірім сол кезеңде қалыптасты.

Бұл кезең — академияның реформалау кезеңі еді. Әлеуеті өуе тірегендердің өзіне онша әбүйір бере қоймайтын бұл іс, ештеңеден іркілмей есі кетіп ізденіске кірісетін академик Сағадиевті сынға салды.

Ол езінің ой-ерісінің ерекшелігімен, табиғи талантымен, кезден тасаны көре білгендігімен, жаңалыққа жақын тұратын даралығымен күрделі мәселенің түйінін шешуге келгенде тез арада ең тиімді жол тауып кете алатындығын байқатты.

Азаматты жасына емес, басына қарап тандайтын қабілетін, тек біліктілер мен білімділерді ғана безбендейтін жөне де олардан еш именбейтінін, ал ойы орташаға орын ұсынбақ түгіл, ашық түрде тіпті тілдескісі де келмейтінін академиялық қауым алғашқыдан-ақ жақсы нышанға балап қабылдады.

Жаңа президенттің өз талантын асқақ бағалайтын шадырлығы да, шоқтығы шамалыны еледейтіні де, ғылыми бағдарламасы мен қарапайым қағидасын қағаздан оқып жеткізетіндерге тежеу салғаны да сезімтал академиялық

зидент болып келген Сағадиевке ауыр тиді. Бұл кезең, шынында да қиын болып еді. Жүздеген мәдени ошақтар, кітапханалар, мектептер жойылып, қоғамдағы бүкіл әлеуметтік орта дағдарысқа ұшыраған кез еді. Мыңдаған медициналық мекемелер жабылып, ауыл тұрғындарының жартысына жуығы дәрігерлік жәрдемсіз қалған. Шығармашылық одақтар тығырыққа тірелген.

Мемлекеттің онсыз да тақыл-тұқыл қаржысына ауыртпалық болатындықтан құрылымы ете күрделі Ұлттық Ғылым Академиясына, жоғары дәрежелі бір шенеунік «советский анахронизм» деп айдар тақты. Әрине, мұндай жағдайда ҰҒА бұрынғы күйінде қалуы мүмкін емес еді.

Еске сала кететін бір жәйт — Сағадиевке дейін ҰҒА президенті академик Ө.М.Сұлтанғазин болды. Ол кісі іргелі ғылыми-таным саласының тарланы ретінде де, сүйегіне сіңіп туған зиялылығымен де, өзіне баурап тұратын теңірі берген тұлғасымен де жұрттың ізгі ниетіне бөлене жүріп, академияны дамыту бағытында өте көп іс атқарды.

Осындай жағдайда ҰҒА президенті болып мүше-корреспондент К.А.Сағадиевтің сайлануы естіген құлақты елең еткізген сенация нем тағдырдың тәлкегідей болды.

Сенсация дейтінміз, ҰҒА-ның 50 жылдық тарихында тұңғыш рет оның президенті балама негізде сайланды және ол академик емес еді. Өзінің демократиялық құқығын пайдаланбақ болған академиялық қауымдастық өз бетімен жасаған бұл романтикалық әрекеттің басы да, аяғы да осы болып, кейінірек ішінен ыдырауымен тематталатының ешкім болжаған жоқ.

Тағдырдың тәлкегі дейтінміз бүкіл әлеуметтік сала батып жатқан дағдарыстан академиялық ғылымды реформалап шығарып алмақ болған жаңа президенттің жан салып тырысқанынан мардымды іс шығуы мүмкін емес-тің.

Ал, бірақ, екі жыл бойы ҰҒА-ның президенті болған Сағадиев негізгі ғылыми бағыттар мен ғалым мамандарды шашыратып алмау үшін орасан іс атқарды. Ғылыми тақырыптарды, лабораторияларды, бөлімдерді, тіпті кейбір институттарды қысқартты, академиялық дәстүрде бұрын болмаған тың тесілдерді қолдануға барды, директорларды ауыстырды, жаңа институттар ашты, ғылыми-зерттеу институттарындағы бюджетке қол жайған қорына психологияны бұзып, халықаралық ынтымақтастыққа, әртүрлі қорлардың конкурстарына қатысуға, гранттар жеңіп алуға, коммерциялық жолмен қаражат табуға ғалымдардың бетін бұрып, көп күш жұмсады.

Ғылым басқармасын реформалауға бағытталған тырбаныстың нетижесінде Ұлттық Ғылым Академиясын ауылшаруашылық академиясымен қосып, оларды ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен біріктіруді көксеген жоба-құжат қабылданды. Бұл ерекет қоғамы өмірдегі ең бір басты сенация нем ең ірі дау-дамайлы іс болды.

Дау-дамайлы деуіміз — мұндай бұрын-соңды болып көрмеген ауқымды жоба, Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, академик Сағадиевтің өзі жасаған бұл жоба академиялық қауымның талқылауынсыз қабылданған еді.

Сенсация болған сәбөбі, Академия тарихында алғаш рет Академияны басқаруға академия мүшесі емес, шенеунік келді. Осы бір кездейсоқтық емес оғаш оқиға кейін ет үйренген заңдылыққа айналып кетерін ешкім болжаған жоқ. Осы

Қаныш Сәтбаев еріксіз еске түседі. Бүкіл қоғам ғылым ордасы деп қабылдайтын зәулім академия ғимаратының әр баспалдағында Сәтбаев рухының табындыратын табы барын ұмыту күне. Санаси санлаулы, кезі ашық пенденің көкірегіне ғарыштағы Сәтбаев жұлдызының сәулесі түспесе болар.

Профессор С.Ж. Дәукеевті Елбасы тағайындағаннан бері Сәтбаевтан қалған сарабал академия еңсесін именшектеп кетере бастаған сияқты. Тосын-ақ келген шенеунік академияның ғылыми бағытында не тындырар екен деген кейбір күдіктер жоқ емес еді. Бірақ ол алғашқыдан-ақ академияны басқару жүйесіне лайықты іс жүргізіп, ғылымда түбегейлі еңбектерімен абыройға ие болған ғалымдарды жұмылдырумен және академия сессиясында ғылыми проблемаларды егжей-тегжейлі терең және сауатты талдап жасаған баяндамасымен «қытымыр» академиктердің түсінушілігі мен қолдауын таба бастады. Енді академиялық ғылымды реформалау процесін оң аяғымен тұрғызып, жүргізіп жіберсе деп тілейміз. Ол үшін академия шенеуніктік ведомстволық жүйенің қол астында қала бермей, ғылым басқарушылыққа бұрылғаны жөн.

Ғылыми ортаның ертеңі беріміздің жанымызға бататын болғандықтан, дүние жүзіне «па, шіркін!» дегізген кешегімізді, «әттеген-ай!» дегізген бүгінгімізді сез арасына кіргіздік. Кешегіміздің де, бүгінгіміздің де, ертеңіміздің де ғылыми қоржынына езінің интеллектуалдық қорынан үлес қосқан академик Сағадиевтің бүгінгі алпыс бесі — талай істің басын қайырған белесі.

Зигмунд Фрейд сипаттаған «жаңға жайлылық беретін жас» кейбіреулерге «қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы қашты» дегізсе, академик Сағадиев өзін ұшқан құстың үстінен қарайтын биікте тұрғанын сездіреді. Ол өз өмірін қыранның биікке самғауымен теңеуге құқылы.

200-ден астам ғылыми мақалалары, монографиялары, көптеген публицистикалары қоғамдағы, мемлекетіміздегі экономиканың, ғылымның шиеленген түйіндерін шешуге үлес қосатын еңбектер екенін айтып мақтанға тұрарлық.

Сағадиев езінің дарыны мен қарымының ерекшелігін, езінің кім екенін іштей күндей алатын адам. Шешуші сәттерде қолында билік барлар беделімен басып, көңіліне қонбаған істі орындатпақ болса, қыр көрсетіп қарсы шығатыны да сондықтан болар.

Ұлттық Ғылым Академиясының президенті болып тұрған кезде академик Сағадиевке көрсетілген қыспақтар мен кедергілер туралы әңгімелер болғанымен, еліміздегі ғалымдар арасынан тағдыры тап осындай сәтті болған біреуді атау қиын.

Заманның құбылмалылығына, кейде ез талантын түбегейлі түсіңбегендігіне қарамастан, азаптану арқылы жарқ етіп керіне білетін «пешенесі жемісті» жан.

Ақылдыңы да айрандай божытатын жұмыстан шаршап келген қатал екені мейірімді атаға айналдырып алған немерелері ізығына мініп алғанда академик Сағадиевтің академизмге жатпайтын бақыттылығын алпыстан асқандар ғана сезінеді деп білемін.

Өке жолын жалғайтын үш ұлы Сағадиевтер әулетін шет елге де танытып жүрсе, жұбайы Нағытай ошақтың ұйытқысы, отбасының бағдаршамындай жарқырап реттел жүрсе, Әбенұлы Кенжеғали ештеңеден кенде болмайтынына сенеміз нем соны тілейміз.

Төрөгелді ШАРМАНОВ,
академик.